

Мемлекеттік ресурстардың астығын пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 533

Мемлекеттік ресурстардың астығын пайдалануды тәртіпке келтіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1506 P991506_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік ресурстардың бұрынырақта берілген астығынан 35 500 (отыз бес мың бес жүз) тонна астықты мемлекеттік экспорттық ресурстарға жатқызу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіппен мемлекеттік ресурстардан бұрынырақта берілген қарыздар бойынша қайтарылатын астықтың мемлекеттік экспорттық ресурстарға жатқызылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.